



«БЕКІТЕМІН»
Мектеп директоры м.а. Бекер А.Бекова
«__» _____ 2025 ж.

**«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ бойынша
Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің
2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

Кеңес мақсаты: Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591-ІІ Заңын орындау. Кәмелетке толмағандардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыру, оларға адамгершілік және салауатты өмір салты негіздерін дарыту.

Алдын алу кеңесі құқық бұзушылықтың алдын алу процесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін мектеп әкімшілігінің, мұғалімдердің, ата-аналардың немесе оларды алмастыратын тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін біріктіреді.

Алдын алу кеңесі қызметінің міндеттері:

- оқушылар арасындағы құқық бұзушылық проблемаларының жай-күйіне мониторинг жасау;
- құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жүйені құру және жұмысты ұйымдастыру;
- кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуына, олардың қылмыс, құқық бұзушылық, қоғамға жат іс-әрекеттер жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою;
- әлеуметтік қауіпті жағдайдағы кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-педагогикалық оңалту;
- кәмелетке толмағандарды қылмыстық немесе қоғамға қарсы әрекетке тарту жағдайларын анықтау және жолын кесу.

Айы:	Тақырып:	Жауаптылар:
Қыркүйек	Алдын алу кеңесі құрамын бекіту №1 отырыс 1. Алдын алу кеңесінің ережесімен танысу 2. Алдын алу кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен танысу 3. Оқушыларды мектепшілік есепке қою және есептен шығару ережелерімен танысу 4. Мектеп инспекторымен мектеп жұмысының бірлескен жоспарын бекіту 5. 2024-2025 оқу жылына арналған ЖБҚ (жағымсыз балалар құрамы) және отбасылардағы өзара қарым-қатынастарды зерттеу бойынша іс-шаралар кестесін бекіту 6. Әлеуметтік педагогтың 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту	Мектеп директоры директордың ТІЖО жөніндегі орынбасары Әлеуметтік педагог Педагог-психолог Сынып жетекшілер Мектеп инспекторы

Қазан	<p>№2 отырыс</p> <p>1. Мектептің 2024-2025 оқу жылына арналған әлеуметтік паспорттың талдау</p> <p>2. 5-11 сынып оқушыларының аутодеструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнама нәтижелерін талдау. Суицидті және теріс ағымдарды насихаттайтын әлеуметтік желілердің, интернет қоғамдастықтардың мониторингін талдау.</p> <p>3. Қауіп-қатер аймағындағы отбасыларға (толық емес отбасылар, тұрмысы нашар отбасылар, баланы өгей әкесі, өгей шешесі тәрбиелеп отырған отбасылар, үшінші тұлғалардың қамқорлығында (қорғаншылық, патронат) рейдтік іс- шараларды талдау.</p>	<p>Әлеуметтік педагог Педагог-психолог директордың ТІЖО жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы</p>
Қараша	<p>№3 отырыс</p> <p>1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері бойынша ата- аналармен, қамқоршылармен және жасөспірімдермен жүргізілген профилактикалық әңгімелесулер туралы есеп.</p> <p>2. 5- сынып оқушыларының оқу іс- әрекетін ұйымдастыру бойынша үй жағдайларын зерттеу туралы ақпарат.</p> <p>3. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы ақпарат.</p>	<p>әлеуметтік педагог</p> <p>5-сыныптың сынып жетекшілері</p> <p>директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы</p>
Желтоқсан	<p>№4 отырыс</p> <p>1. 1-2-сыныптардың оқу қызметін ұйымдастыру бойынша үй жағдайларын зерделеу туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.</p> <p>2. 1-2 сыныптардағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы ақпарат.</p> <p>3. Білім алушылардың және ата- аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жеке істерін қарау.</p>	<p>1-2-сыныптың сынып жетекшілері</p> <p>1-2-сыныптың сынып жетекшілері</p> <p>әлеуметтік педагог, педагог- психолог, директордың ТІЖО жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы</p>
Қаңтар	<p>№5 отырыс</p> <p>1. 2024-2025 оқу жылының 2 тоқсанына есепке алу санаттарына жататын (аз қамтылған, көп балалы, қолайсыз, аз қамтылған, мүгедектер, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар) баланың отбасындағы өзара қарым-қатынастарды анықтауды ескере отырып, рейдтік жұмыспен өтеулерді талдау.</p> <p>2. Профилактикалық есепке алудың барлық түрлерінде тұратын оқушылармен жүргізілетін жеке түзету жұмыстары туралы Педагог-психологтың ақпараты.</p> <p>3. 10-11 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, ТТЖ тексеру және отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат.</p>	<p>әлеуметтік педагог</p> <p>педагог-психолог</p> <p>10-11 сынып жетекшілері</p> <p>әлеуметтік педагог, педагог- психолог,</p>

	<p>Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.</p> <p>4. 2024-2025 оқу жылының бірінші жартыжылдығындағы алдын алу Кеңесінің қызметіне талдау.</p>	<p>директордың ТІЖО жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы</p>
Ақпан	<p>№6 отырыс</p> <p>1. 3-4 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, ТТЖ тексеру және отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.</p> <p>2. 9 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, ТТЖ тексеру және отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.</p> <p>3. Балалармен профилактикалық жұмыстың бір түрі ретінде мектептегі татуласу қызметінің жағдайы туралы.</p>	<p>3-4-сыныптың сынып жетекшілері</p> <p>9-сыныптың сынып жетекшілері</p> <p>директордың ТІЖО жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы</p>
Наурыз	<p>№7 отырыс</p> <p>1. 6 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, ТТЖ тексеру және отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.</p> <p>2. 8 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, ТТЖ тексеру және отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.</p> <p>3. Мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша "Адал Ұрпақ" мектеп клубының қызметі туралы</p>	<p>6-сыныптың сынып жетекшілері</p> <p>8-сыныптың сынып жетекшілері</p> <p>клуб жетекшісі директордың ТЖ жөніндегі орынбасары педагог-психолог</p>
Сәуір	<p>№ 8 отырыс</p> <p>1.5-11 сынып оқушыларының аутодеструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнама нәтижелерін талдау. Суицидті және жағымсыз ағымдарды насихаттайтын әлеуметтік желілердің, интернет қауымдастықтардың мониторингін талдау.</p> <p>2. 2024-2025 оқу жылының 3 тоқсанына есепке алу санаттарына жататын (аз қамтылған, көп балалы, қолайсыз, аз қамтылған, мүгедектер, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар) баланың отбасындағы өзара қарым-қатынастарды анықтауды ескере отырып, рейдтік жұмыспен өтеулерді талдау.</p> <p>2.7 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, ТТЖ тексеру және отбасылық қолайсыздықты анықтау</p>	<p>әлеуметтік педагог</p> <p>7-сыныптың сынып жетекшілері</p>

	<p>мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.</p>	<p>директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы</p>
Мамыр	<p>№9 отырыс 1. 2024-2025 оқу жылының 4 тоқсанына есепке алу санаттарына жататын (аз қамтылған, көп балалы, қолайсыз, аз қамтылған, мүгедектер, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар) баланың отбасындағы өзара қарым-қатынастарды анықтауды ескере отырып, рейдтік жұмыспен өтеулерді талдау. 2. Оқудың барлық түрлерінде тұратын оқушылармен жазғы демалысты және жұмыспен қамтуды ұйымдастыру туралы әңгімелесу. 3. Алдын алу Кеңесінің 2024-2025 оқу жылындағы қызметіне талдау.</p>	<p>әлеуметтік педагог директордың ТЖ жөніндегі орынбасары директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы</p> <p>әлеуметтік педагог</p>

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.Аманбаева

Хаттама №1

30.09.2024 ж

Қатысуға тиіс: Алдын алу кеңесінің мүшелері

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер:

1. Алдын алу кеңесінің ережесімен танысу
2. Алдын алу кеңесінің 24-25 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен танысу;
3. Оқушыларды мектепшілік есепке қою және есептен шығару ережелері туралы таныстыру.
4. Жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша психологтардың жұмыс жоспарын бекіту; 5. Мектеп инспекторымен мектеп жұмысының бірлескен жоспарын бекіту;
6. 2024-2025 оқу жылына арналған ЖБҚ және отбасылардағы өзара қарым- қатынастарды зерттеу бойынша іс-шаралар кестесін бекіту.
7. Әлеуметтік педагогтың 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту

Тыңдалды:

Бүгінгі күн тәртібіндегі мәселелермен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Салкынбаева А.А таныстырып өтті. 24-25 оқу жылына барлығына сәттілік тіледі. Алдағы атқарылатын жұмыстарды бірлесіп атқаруға шақырды.

Сөйлеушілер:

Бірінші мәселе бойынша-Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.

Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр, себебі өмірлік қиын жағдайға душар болған жасөспірімдердің саны азаяр емес. Бұл санатқа, көбінесе отбасылық жағдайы нашар, демалыс мезгілі ойластырылмаған, өздеріне өздері бас болып жүрген балалар жатады.

Екінші мәселе бойынша Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмыс жоспарымен таныстырылды. Оқушылармен, ата аналармен алдағы атқарылатын жұмыстар жөнінде айтылды.

Үшінші мәселе бойынша-Қылмыстың алдын алудың бірден-бір жолы оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру. Бүгінгі күні мектептегі мектептен тыс оқушы қосымша біліммен қамтылып отыр.

Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс саны азая түседі. Мысалы, ішкі істер бөлімінде тіркеуде тұрған бала жоқ. Оқушыларды мектепшілік есепке қою және есептен шығару ережелері туралы таныстырылды.

Төртінші мәселе бойынша -баланың психикалық дамуы және психологиялық портретін құру немесе бүтіндей жас топтарымен танысу кезінде немесе басқа да аспектілерді көрсетеді. Ол еркін түрде жазылады және әкімшіліктен бұрыштама қоюды талап етпейді.

Сипаттама баланың жеке даму ерекшеліктері туралы, яғни оның танымдық және тұлғалық-эмоционалдық саласы, психофизиологиялық қыр-сырлары, коммуникативтік тілектері, балада бар жалшы және арнайы қабілеттері және т.б көрсетіледі. Мектеп психологі Жайсанбаева Е жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша психологтардың жұмыс жоспарымен таныстырып өтті.

Бесінші мәселе бойынша- Әлеуметтік педагог Доненбаева С. "Тәуекел тобындағы" оқушыларға, әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасылардан шыққан балаларға, тұрмысы нашар отбасылардан шыққан балаларға, есепте тұрған балаларға деректер банкі қалыптастыру және түзету, сынып

оқушыларының деректерін мектептің әлеуметтік паспортын толықтырып жасағаны туралы айтып өтті.

Алтыншы мәселе бойынша- Салкынбаева А.А сөз алып мектеп инспекторымен бірлескен жоспарымен таныстырып өтті.

Жетінші, сегізінші мәселелер бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған отбасылардағы өзара қарым-қатынастарды зерттеу бойынша іс- шаралар кестесін бекіту, Әлеуметтік педагогтың 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту таныстырылып айтылды.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Алдын алу кеңесінің ережесімен таныстырылды
2. Алдын алу кеңесінің 24-25 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырылып алдағы уақытта жоспармен жұмыстар жүргізілсін.
3. Оқушыларды мектепшілік есепке қою және есептен шығару ережелері есепке алынсын.
4. Жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша психологтардың жұмыс жоспарын бекітілсін.
5. "Тәуекел тобындағы" оқушыларға, әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасылардан шыққан балаларға, тұрмысы нашар отбасылардан шыққан балаларға, есепте тұрған балаларға деректер банкін қалыптастыру және түзету, сынып оқушыларының деректерін мектептің әлеуметтік паспортына түзету енгізілсін.
6. Мектеп инспекторымен бірлескен жоспарын бекітіліп жұмыстар жүргізілсін
7. 2024-2025 оқу жылына арналған отбасылардағы өзара қарым-қатынастарды зерттеу бойынша іс-шаралар кестесін бекітілсін. 8. Әлеуметтік педагогтың 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекітіліп жоспар негізінде шаралар уақытылы өткізілсін.

Мектеп директоры:

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Хатшы

«№1 мектеп - лицейі» КММ
2024-2025 оқу жылындағы Құқық кеңесінің отырысының
Құқықбұзушылықтың алдын алу отырысы болып өтті

Хаттама №2

31.10.2024 ж

Қатысуға тиіс: Алдын алу кеңесінің мүшелері

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер:

1. Мектептің 2024-2025 оқу жылына арналған әлеуметтік паспортын талдау.
2. 5-11 сынып оқушыларының аутодеструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнама нәтижелерін талдау. Суицидті және теріс ағымдарды насихаттайтын әлеуметтік желілердің, интернет қоғамдастықтардың мониторингін талдау.

3. Оқыту кезеңінде қауіп-қатер аймағындағы отбасыларға (толық емес отбасылар, тұрмысы нашар отбасылар, баланы өгей әкесі, өгей шешесі тәрбиелеп отырған отбасылар, үшінші тұлғалардың қамқорлығында (қорғаншылық, патронат) рейдтік іс-шараларды талдау.

Тыңдалды.

Бүгінгі құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысын күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Салқынбаева А. А таныстырып өтті.

Бірінші мәселе бойынша- Әлеуметтік педагог Доненбаева С. айтып өтті. Мектептің 2024-2025 оқу жылына арналған әлеуметтік паспортының жаңартылып жасалғаны жөнінде айтылды. Жартылай жетім, сәтсіз отбасы, Көп балалы, аз қамтылған оқушылар жөнінде тізімдері алынып жасалды. Алдағы уақытта мектептегі шаралара аталған отбасылардың балалары іс шараларға тартылады. Үнемі ата аналарымен байланыс жасалып отырылатыны жөнінде айтты.

Екінші мәселе бойынша мектеп психологі Жайсанбаева Е сөз алды.

5-11 сынып оқушыларының аутодеструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнама нәтижелерімен таныстырды. Оқушылармен байланыс жасалып отырылады. 5-11 сынып оқушыларынан аутодеструктивті көңіл күйін анықтау мақсатында сауалнама алынды. Әр сауалнамаға анықтамасы жазылды.

Үшінші мәселе бойынша-Әлеуметтік педагог Доненбаева С. сөз алды. Оқыту кезеңінде қауіп-қатер аймағындағы отбасыларға (толық емес отбасылар, тұрмысы нашар отбасылар, баланы өгей әкесі, өгей шешесі тәрбиелеп отырған отбасылар, үшінші тұлғалардың қамқорлығында (қорғаншылық, патронат) рейдтік іс-шаралар жүзеге асырылып отырылады.

Оқу жылыны басында қауіп қатер аймағындағы яғни тұрмысы нашар, толық емес отбасылар, өгей ата аналармен тұратын отбасылардың тізімі алынды. Алынған тізім негізінде аталған отбасыларға үйлеріне барып тұрамын. Сынып жетекшілерімен ата аналармен байланыстамын. Мектебімізде өгей әкемен тұратын 2 оқушы бар. Екі оқушыда бір үйдің балалары.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Мектептің 2024-2025 оқу жылына арналған әлеуметтік паспортын жаңартылсын.

2.5-11 сынып оқушыларының аутодеструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнамаларын талдау нәтижелері есепке алынсын.
ік педагог

3. Оқыту кезеңінде қауіп-қатер аймағындағы отбасыларға (толық емес отбасылар, тұрмысы нашар отбасылар, баланы өгей әкесі, өгей шешесі тәрбиелеп отырған отбасылар, үшінші тұлғалардың қамқорлығында (қорғаншылық, патронат) рейдтік іс-шараларды үнемі жасалып отырылып дәптерге жасылып отырсын.

Мектеп директоры:

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Хатшы